

ЕР МҰРАТЫ – ЕЛ МҰРАСЫ



Кемеңгер Кемел аға

Төртінші-бесінші сыныпта оқытын болуым керек. Онда біз Балқаш ауданының орталығы Бақанас селосында тұрамыз. Түстен кейін оқимыз. Бірде сабақтан келсем үйде қонақтар бар екен. Қой сойылып, бауырсақ пісіріп, ет асылып жатыр. Шешем үйге кір, шешін, үлкендермен амандас, – деді.

Үйге кірдім, үлкен жер үстелді жағалай біраз кісілер отыр екен. Иманқұл аға Жексенбіке апамызбен, әкейдің немере апасы Бастықыз, Мықтыбек атамыз (жезде) және де әкеміздің шешесі, Аққайша. Төрте жантайып бейтаныс кісі жатыр, мен танымадым. Жағалай қол беріп амандасып болғаннан кейін Иманқұл аға бейтаныс кісіге қарап: (сол кезде ол кісі тікесінен отырады) «Кемел, мына бала Сақымқожанын тұңғышы – аты Бақыт» деді, ана кісі қайта менің қолымды алып, аман бол балам, азамат бол, деп маңдайымнан сүйді. Содан кейін мен де бір бұрышқа жайғастым. Ұзақ әңгіме айтылды. Сонда бір есте қалған әңгіме, Кемел ағаның айтқаны, «бауыр деген қазаққа ғана тән сөз екен, өйткені адамның дене мүшесіндегі ағзалардың бәрін ауыстыруға болады, тек бауырды ғана ауыстыра алмайсың» деді. Сондықтан да біз бауырмыз, осыған лайық болуымыз керек. Мен осы сөздің мағынасын кейін өсе келе түсіндім. Қандай мағынасы терең сөз. Біз Жалайырдың ішіндегі Жылқайдарымыз деп, Кемел аға сөзін жалғастырып үлкен атамыз Қосай (күшік), Жылқайдардың алты баласы болған, соның бір баласы Жолбарыс (батыр, би, әулие), бұл кісіден мен және Бақбақты кеңшарында тұратын Кеңесбек деген бауырымыз. Екінші баласы – Сатыпалды, одан сіздер, яғни сіз, Иманқұл ағаға қарап, Сақымқожа, Нұртай, Қоғалбай, мына отырған Бастықыз апамыз деді. Жолбарыс атамның ұрпақтары Қаратал өзенінің бойын, Көлпенің маңында қоныстанған, ал Сатыпалдының ұрпақтары Іле өзенін бойлап, Көкжие деген жерде Айнакөл деген көл бар, соның жағасын мекендеген.

Мен қазір ойлап қарасам, ол кісі сонау Қаратал өзені мен Іле өзенін жайлаған бауырлары туралы айтқан екен. Атына сай дана кісі екен. Көп әңгімелер айтылды, тун ортасынан ауып кетті, содан Иманқұл аға ертен жұмыс, балалар да демалсын, деп бата қайырды. Кемел аға да бірге тұрып кетпекші болып жиналды. Әкей үйге қоныңыз деп еді, жок мен Иманқұл ағаның үйіне тоқтадым, үлкен шаңырақ қой, сендер де біліп қойындар, Иманқұл ағаның ағасы, бауырымыз соғыста қаза болды. Кезінде Қазақстанның Мәскеудегі он күндігінде, Кремльде он шырқаған кісі. Және де ертен Ақкөлге Нұртайдың үйіне барам деді. Сумкасын ашып, кітап алды, бірінші бетіне жазды, балам Бақытқа Кемелден. Мен қарасам – повесть «Түнде атылған оқ». Маңдайымнан сүйді де үлкен азамат бол, деді.

Міне, содан бері қанша жыл өтті, ол кісінің келбеті осы күнге дейін жадыма, кеше ғана болған сияқты. Кейбір кездері мен өзімді жазушы санап жазғым келеді, мүмкін, сол кісінің берген батасының шапағаты шығар. Бірақ басқа мамандықты таңдадық. Кейбірде түс көрем, осы жақын арада мынандай түс көрдім: «Қораға шықсам, қораның алдында жолбарыс жатыр, жанында ішек-қарны ақтарылған жылқылар, маған жолбарыс қарады да жата берді, қораға кірдім онда бір жолбарыс, тура осындай жағдай, шошып кеттім. Сонда артыман бір дауыс шықты «қорықпа балам, Жолбарыс атан ғой» деді. Бағы жас күнінде естіген Кемел ағаның дауысы. Бұл менің Кемел ағаны көрген сәтінмен естен кетпес естелігі. Егер мен ол кісінің жанында өмір бойы жүрсем не болар еді деп ойлаймын. Содан кейін мектеп бітірдім, әскерге кеттім, оқу оқыдық, әкей қайтыс болды. Туған-туыстың арасын жалғап тұрған алтын көпір екен ғой ағаларымыз.

Тағы бір айтылатын жағдай, қазір ойласам, аманат қалдырған сияқты. Тоқай, Бұқай бірге туған, оя Бұқай әкеміз мына Көкжие елді мекенінде жерленген еді.

Бүгінгі күні Кемел ағамыз айтқан Жылқайдардың қара шаңырағындағы әкеміз Иманқұл бақилық болды. Қазір шаңыраққа түгін түгетіп Мейрамбек отыр. Енді түсіндім, Кемел ағаның тағы бір бауырының үйіне қонай кара шаңырақты аңсағанын. Біз де Бақанасқа барған сайын, кара шаңыраққа соқпай кетпейміз.

Мен Кемел ағаның «Түнде атылған оқ» повесінен он шақты рет оқып шықтым. Анда-санда бір оқып қоямын, кітапханада сақтаулы. Одан кейін де Кемел ағамыздың «Таудағы жаңғырық», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға» атты повестерін осы күнге дейін қызығып оқимын. Үйде сақтаулы. Қазақтың бір сөзі бар, «жақсы әкеден асып ұл туар» дейді. Осындай кемеңгер, асыл, ақылды, дана жазушы, қоғам қайраткері Кемел ағамыздан туған Қасым-Жомарт бауырымызға арнайы ақ жол тілеймін.

Бақытқали АЙЖІПТОВ,
қаржыгер

МАМАН МІНБЕРІ

Бабалар дәстүрін, мәдениетіміз бен тарихи құндылықтарымызды насихаттауда мұражай қызметінің рөлі ерекше. Бұл тұрғыда еліміздің барлық облыстары мен аудандарындағы белгілі тұлғалардың есімімен аталатын әдеби-әскерткіш мұражайларымен қатар нағыз дала өркениетін насихаттау бағытында республикалық деңгейде 9 табиғи қорық-музейлері қызмет көрсетеді. Бүгінде олар еліміздің туризм саласының дамуына айтарлықтай үлес қосып отырған көне дәуір шежірелері. Олардың қатарында ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Жетісу өңіріндегі ашық аспанды мұражайларының бірегейі – «Таңбалы» қорық-музейі де бар.

Өткенге тағзым

1957 жылы тарихшы, археолог Анна Георгиевна Максимованың жетекшілігімен ҚазКСР Ғылым Академиясы Оңтүстік Қазақстан экспедициясының Жетісу орталық Таңбалы кешенінің петроглифтері мен археологиялық ескерткіштеріне алғаш рет зерттеу жұмыстарын жүргізілі. Таңбалыдағы жартақ суреттерін зерттеуді және археологиялық қазба жұмыстарын кейінгіректе А. Г. Медоев, А. Н. Марьяшев, Б. Ж. Аубеков, А. С. Ермолаева, А. Е. Рогожинский, Ю. А. Мотов, А. А. Горячев, С. А. Потаповтар, сонымен қатар басқа да отандық және шетелдік зерттеушілер жалғастырған. Аталған дерекке сүйенер болсақ, «Таңбалы» петроглифтерінің тарих сахнасына енгеніне де 60 жылдан астам уақыт болыпты. Бүгінде ол – отандық және шетелдік туристердің зор қызығушылығын тудырып отырған ерекше тарихи аймақ.

Көне дәуірдің баға жетпес байлығы саналатын «Таңбалы» қорығында әлемде сирек кездесетін петроглифтер, ежелгі адамдардың қоныстары, қорғандары және тағы да басқа тарихи мұралар сақталған. Жалпы айтқанда, жоғалып кеткен дала өркениетінің табиғатпен үлесі арқылы бүгінге жеткен шежіресі іспеттес.

Аймақ қола, ежелгі темір дәуіріне, орта ғасыр және жаңа кезеңге жататын 5000-ға жуық петроглифтерден, жүзге тарта әртүрлі уақытқа жататын ескерткіштерден – б.з.д. XIII–XIV ғасырлардың ортасынан бастап XIX–XX ғасырларға дейінгі аралықтағы кезеңдермен мерзімделетін қоныстардан, қорымдар мен ежелгі тас қашау орындарынан, петроглифтер мен құрылтып құрылтылған тұрады. Осыған орай «ашық аспан» астындағы ландшафттық мұражай экспозициясының жобалануы мен менеджменті де айтарлықтай ерекше, әсіресе оның табиғи ортадағы экспозициясы әдеттегі мұражай экспозицияларынан өзгешеленеді.

Ту ұстаған сәлт атты жауынгерлер бейнесі, «аң стилі» өнері «Таңбалының» жартақ суреттерінде жиі кездеседі. Жануарлар бейнесі тұрмыста пайдалану – адам мен табиғаттың етене байланысын айғақтайтын басты элементтер.

Жартақ өнері – ежелгі дәуір адамдарының жазу стилі десек қателеспейміз. Осыдан келе біртіндеп жазба мәдениеті қалыптасқан. Осы тарихи жазбалар мен жартақ суреттері арқы-

лы біз өткеніміз туралы мол мағлұмат жинақтап, көне дәуір шежіресін қалыптастырамыз. Бұл ескерткіштер – төл тарихымыздан сыр шертетін, өз құндылығы жоймайтын тарихи-мәдени мұралар.

Қазақстанда дала қызғалдағының 35 түрі өседі. Әсіресе Шу – Іле тауларында әлемде сирек кездесетін өсімдік түрлері көптеп кездеседі. Бұл – «Таңбалы» кешенінің өзіндік табиғат ерекшелігі.

Қазақ жері тарихи ескерткіштерге бай өлке. Оның ішінде әсіресе Жетісу өңірі ежелгі дәуір ескерткіштерінің көп шоғырланған аймағына жатады. Сонау сақтар мен үйсіндер дәуірінен бастау алған, бүгінде төбе-төбе болып талай ғасырлардың құпиясын бауырына басып жатқан ескі қорымдар, археологиялық ескерткіштер Жетісудың тау қойнауларында жиі кездеседі. Тастағы таңбалар аса құнды және қызықты тарихи ескерткіштер қатарына жатады. Ол әлі жазу пайда болмаған ежелгі дәуір мен одан берілгенде өмір сүрген адамдардың тіршілігі, дүниетанымы, түсінігі туралы ақпарат беретін негізгі қор.

Жартақ өнері жекелеген авторлар мен археологтардың еңбектерінде жалпы көрініс тапқанымен олар туралы толық әрі нақты зерттеулер әлі де аз. Кейбір деректерге сүйенсек, олардың біразы табиғи факторлардың әсерінен жойылу қаупін кешуде. Жетісу өңірінің бізге мәлім де беймәлім тарихи археологиялық ескерткіштерін барлау жасап, олар жайлы нақты ақпараттар жинағын құрастырып, ғылыми-археологиялық зерттеулер арқылы тарих сахнасына енгізу бұған дейін де талай тарихи ескерткіштердің тануына себепкер болып жүрген «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи-қорық музейінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Біз өшкенімді жандыру арқылы болашағымызды баияды етуге, тарихымызды жаңғырту арқылы ұрпағымызды ұлтжандылыққа баулуға, мәдениетімізді мәселелі арқылы ұлт мерейін асқартуға үлес қосамыз.

Бұл өткенге – құрмет, тарихқа – тағзым.

Гүлзат АСҚАРОВА,
«Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің жетекші ғылыми қызметкері

ҰЛТТЫҚ РУХ!

ӘДЕТТЕ, ӘЛЕМДЕГІ ХАЛЫҚТАР МЕН ҰЛЫСТАР, МЕМЛЕКЕТТЕР ӨЗДЕРІНІҢ ӨТКЕНІНЕ КӨЗ ЖҮГІРТПІ АТА ТАРИХЫН БАҒАМДАУДА, МӘДЕНИ ӨРКЕНДЕУІН КЕЛЕСЕК ҰРПАҒЫ ҮШІН ЗЕРДЕЛЕП, ЗЕРТТЕГЕНДЕ – НЕГІЗІНЕН ДІНИ ЖӘНЕ РУХАНИ ҮРДІСТЕРГЕ ИЕК АРТАДЫ. АЛ, ОСЫНАУ АЛЫП ҚОҒАМНЫҢ ҚОЖАСЫ АДАМ АТА ҰРПАҒЫНЫҢ ОСЫ САЛАДАҒЫ ЕҢ ДАРА ҚАСИЕТТЕРІНІҢ БІРІ – СЕНІМ! СЕНІМ АРҚЫЛЫ КЕЙБІР ОТБАСЫЛЫҚ, МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР МЫҚТЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ҚАМТЫЛЫП, АҚЫЛ ИЕСІ АДАМНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМ КӨКЖИЕГІН АРТТЫРУМЕН ҚАТАР, СЕНІММЕН ҚОСА ТАНЫМДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҮҚПАЛ ЕТІП ОТЫРҒАН.



Мәселен, адам ой-санасының және мәдениетінің өркендеуінің дәуірлер бойғы өсуі барысында, дүниедегі барша халықтар басынан өткерген – қауымдық, рулық, тайпалық, әлемдік, т. б. аталмыш діни және рухани дамудың сатылары көптеп саналады. Бүгінгі біздің тоқталып отырған тақырыбымыздың негізгі өзегі солардың бірі, дәлірек айтсақ, адамзат санасында бірқұдайлық (монотеистік) дін қалыптасқанға дейінгі кезеңде болған, дәстүрлі сенімнің бірі – тотемизм. Яғни, бұл дегеніміз жер шарын мекен еткен сан алуан халықтар мен ұлттардың өздерінің шығу тегін белгілі бір жануар немесе өсімдіктермен байланыстырғаны жайлы алғашқы қауымдық түсінік. Бұл өз Солтүстік Америка үндістерінің тілінен аударғанда – «ототеман» (оның туысы, тегі) деген ұғымды білдіреді. Сондай-ақ, тотемизмде – сол бір қасиетті ан болмаса өсімдік өзі киесі саналатын рудың, тайпаның географиялық орналасуына, шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты болған. Және де сол ортада уақыт талабына сай «ототем» туралы аңыз-әңсәналар шығарылып, оның ерекшелігі мен құдіреттілігі дәріптелумен қатар, ұдайы ұрпақтан-ұрпаққа таратылып, әспеттелген. Тотемизм – жеке тұлғаның қай руға, тайпаға жататынын, олардың өзара құрған одақтарын ажырата білуде және некелік қатынастарды реттеуде т. б. әлеуметтік функциялармен қатар, аумақтық шекара мәселесінде, жерлерді бөлу мен шаруашылықты жүргізу сияқты экономикалық та қызметтерді атқаруда үлкен рөл атқарған. Заман ағымына бейімделіп уақыт сынынан өткен әр халықтардың өзіндік ерекшеліктері мен тағмыр-түсініктеріне сәйкес өз тотемдері бейнеленіп күнделікті өмір мен ой-санасында мықтап қалыптасты. Мысалға алсақ, гректерде – кентавр, ежелгі Мысырда – адам және жартылай хайуан, славяндарда – аю, т. б. Ал, түркі халықтарында оның ішінде біздердің, яғни, қазақтардың ата тарихындағы тотемі – Көкбөрі болған. Көкбөрі – қайсар, күшке бағынбайтын өр мінезді, байтақ даланың тұз тағысы, бірақ ақылдылығы мен мейірімділігі бар, өте сак қимылдайтын азуды жіртқыш екендігі бізмізге мәлім.

Көкбөрімен байланыстырылған этникалық атаулар, бейне-белгілер мен аңыздар, жырлар, генеологиялық әңсәналар өте көп. Мәселен, біздің шығу тегіміз жайлы мына бір аңыз-шежіреде: «...Жауларының қырғынына ұшыраған бір түркі тайпасының жалғыз тірі қалған, өзі өліміш жаралы, кескіленген он жасар балаға Көк Тәңірі, Бөлтiрiктерi өлген Көкбөріні жолықтырды.» Көкбөрі баланың жарасын тілімен емдеп жазып, асырап, ержеткізеді. Ол кейін Көкбөрі атанып, елін бір шаңырақ астына жинап, өзі қаған болады. Қағаның туында Бөрінің алтынын жасалған басы бейнеленген екен, бұл байрақ бүкіл әскердің, мемлекеттің қасиетті рәмізі саналған. Онда әскердің киесі, күші бар деп түсінгендіктен, ұрыс даласындағы соғыс қимылдары байрақтың көтеріліп немесе түсірілуімен байланысты болған, оның үнемі желбіреп тұруы күллі әскерді ерлікке, жеңіске жігерлендіріп отырған. Және бұл рәміз арқылы түркілер өздерінің ата-тегінің «қасқырлан» таралғандығын әйгілеп және оны мәңгі есте сақтау үшін де осындай дәстүрге айналдырғаны айтылған. Міне, сонау көне тарих қойнауынан ұрпақтарына шандық бейнесінде жеткен, қасиетті Көкбөрі сол уақыттағы замана көшіне үлкен бетбұрыс әкелген ұлттық тұтастық пен жанарудың, қайта туалудың аса күшті жарышысы, дауылпазы болған еді. Себебі, тарихтың осы кезеңінен бастап «түркі» халқы жайындағы мәліметтер мен деректер қағаз бетіне түсе бастаған екен. Оған ежелгі Үйсін аңызы мен Қытай жылнамалары дәлел. Одан таралған әулет Ашина деп аталған. «Ашын» – қасқыр, бөрі деген мағына берсе, «А» әрпі – қытайша «құрметтеу, ұлықтау» белгісін білдіретін таңба. Демек, VI ғасырдағы Ұлы Далда Түрік қағанатын құрған «Ашина әулеті» жайлы осынау аңыз көрші қытай жылнамалары арқылы көптеген ғасырларды артақтап, XXI ғасырдағы сол Көкбөрінің бір ұрпағы бізге де жетіп отыр.

Иә, тарих толқынының жалына жармасып, көшіне ілескен бұл игі дәстүр, қазақтың ата тарихының бір парасы болған – дүниені тітіретін Еуразиядағы мемлекеттер шежіресінде өзінің өшпес табысын қалдырған, түркі тілі халықаралық деңгейге көтерген «Қыпшақ дәуірінде» де өзінің жалғасын тауып кең етек жайғаны

Қазақ тарихындағы қасиетті көкбөрі



Қазақтың қасқыры-жүрек пен рухтың, қайтпас ерліктің ұраны

ғылым зерттеулер арқылы анықталып отыр. Оған дәлел, XI–XIII ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, шығыста Алтай мен Ертістен басталып, батысында Днестрге дейінгі аймақты, оңтүстігінде Сырдың орта және төменгі ағысымен бірге, Арал және Каспий өңірі кірген ұлан-байтақ өлкеңің иесі Қыпшақ тайпаларының ең белдісі Көкбөрілер (елбөрілер) болып, Қыпшақ хандығының тек қана осы тайпадан сайланып отырғандығы. Бұл кезеңде «қыпшақ» сөзі – «түркі» сөзінің баламасы ретінде қолданылды. Қыпшақтардың да діни сенімдегі тотемі киелі «қасқыр» болғандығына мына бір дәйекті келтіре кетсек, ол «Қыпшақтардың Бөрі иесі құтты болсын!» – деген сыңағастағы түркі жазуын 1982 жылы Монғолиядағы қазақ ғалымы Қ.Сартқожаұлы мен С. Г. Кляшторныйдың МХР-ның Далан ұла тауының шығысынан тапқандығын куәна айтуға болады. Яғни, қыпшақ тарихы – бұл түркі тарихы деген сөз. Ал, батыстағы Дунай бойына жайғасқан қыпшақтарды венгрлер «қундар» немесе «командар» деп атаса, Дон (Дөн) мен Кубань (Кобан) даласын мекендеген қыпшақтарды славяндар «половцетер» деп атаған. Олар Русь пен Византияның ішкі-сыртқы саясатында адал одақтас ретінде үлкен рөл атқарған. Бірақ, өкінішке орай, бір ғана Русь князі В. Мономахтың өзі батыл, екі-жүзділікке қаны қас, еркіндікке, тектілікке құмар қыпшақтармен 19 рет бітімдесіп, 19 рет аярылқпен сатқындық жасаған, оның соны әлбетте қанды қырғандарға ұтқасандығы даусыз. Кезекті осындай бітімнен кейін мадиярларға (венгр королі Қаламанға) қарсы соғысқан қыпшақ – орыс одағының Сан өзені бойындағы шайқас алдындағы мына бір көрініске тоқтала кетсек, бұл сәт қазақтың қыпшақ кезіненді киелі Көкбөріге деген сенімін бейнелейді:

«...Шайқас басталардан бір күн бұрын Көк Тәңірге, рухқа табынушы қыпшақтың Бунақ ханы әскерінен бөлініп айдалаға барып Бөрі болып ұлды, сол мезетте оған қасқырлар да ұлып жауап береді. Іле-шала бүкіл Бөрілер ұлды. Бунақ хан қосынына қайтып келіп: «Ертеңгі шайқаста біз жеңеміз!» деді. Айтқанды етіп жезді.» (Алтын Орда тарихына қатысты деректер жинағы, 1-т., 279 бет.) Сол мезетте, Қыпшақтың жаужүрек Бунақ ханының қасиетті Көкбөріге:

Бөрі бөрі – Бөрі нем.
Бөрілі – менің төр нем.
Бөрі емген, Бөрі атам,
Бөлітіргіңді көр, нем.

Ұмай Ана, жебей көр!
Жас Бөрінің демей көр! – деп, сиынан аруақ шақыруы, Көк Тәңірге, ата-баба дәстүріне беріктігінің, оның өн бойындағы тектіліктің айнымас белгісі еді. Одан бергі тарихта Парсы басқыншылығынан қорғап, бүкіл түркінің басын біріктіріп алып империя құрған әлемге аты мәшһүр Шыңғыс қаған да ісі түркінің Қият тайпасының, Бөржеген руынан. Бөржеген – «Бөрі жеген» немесе «Бөріжігіт» атауы, қалай десеніз де «қасқырмен» байланысып тұр емес пе? Қазақ арасында көнеден келе жатқан «Қият-Қыпшақ бір туған» деген ұғым бар. Ал, енді мына бір жағдайға зер салып көріңіз. Жоғарыда айтылған «Қыпшақтың Бөрі несінің...» – Қияттың «Бөріжігіт» руымен сәйкес келіп, олардың рухани байланысты болуы түркілік рәміз – киелі Көкбөрінің асқақ құдіреті мен ұлылығының ғасырлар бойғы тарихи сабақтастығының нақты белгісі болып тұр ғой. Иә, ешкімге, ештеңеге бас иемейтін уақыт деген Ұлы Әміршінің дәрегіне бас ұрған замана керуенінде тербелген күн – аптаға, апта жылына, жыл ғасырға ұласты. Осы ғасырлар көшіндегі қасиетті Көкбөрі мен қазақ тарихы бір-бірінен бір сөз алыстамай, біте қайнасып қабысқаны сонша, енді



олар бөлінбес біртұтас дүниеге айналды. Мысалы, қазақтың Ұлы жүзіне жататын Шапырашты елінің жауға аттанғанда айтатын «Бөрілі менің байрағым», (Бөрілі байрақ – қасқырдың бас суреті салынған шапыраштылардың жебелі туы мен найзасы)

«Бөрілі байрақ астында, Бөгілеп көрген жан емен. Бөрілей жортып кеткенде, Бөлініп қалған жан емен. Бөрілі найза ұстаса, Түйремей кеткен жан емен, Бөрілі байрақ құласа, Күйремей кеткен жан емен... Бөрі басы – ұраным, Бөрілі менің байрағым. Бөрілі байрақ көтерсе, Қозып кетер қайдағым» – атты ұран өлеңі ғасырлар жаңғырығын қайталап, бабалар рухының ерлігін, жасампаздығын кейінгі ұрпаққа жеткізіп тұрған, қазақ елі тарихының мәңгілік өмір әуенінің жанды жадыратар киелі күмбірі секілді. XIX ғасырдағы айтыс өнерінің жарық жұлдызы, даңқты, рухты ақын С. Ароңұлы бұл өлең арқылы қазақ халқының қайсарлық пен қақармалық бейнесін, өткен тарихтағы елдік пен ерлікті, сайын далаларға асқақ еркіндікті асқан шеберлікпен сомдап көрсеткен.

Арғы-бергі қазақ тарихнамасында өзінің жанды жадыратар киелі күмбірі секілді. XIX ғасырдағы айтыс өнерінің жарық жұлдызы, даңқты, рухты ақын С. Ароңұлы бұл өлең арқылы қазақ халқының қайсарлық пен қақармалық бейнесін, өткен тарихтағы елдік пен ерлікті, сайын далаларға асқақ еркіндікті асқан шеберлікпен сомдап көрсеткен.

Арғы-бергі қазақ тарихнамасында өзінің жанды жадыратар киелі күмбірі секілді. XIX ғасырдағы айтыс өнерінің жарық жұлдызы, даңқты, рухты ақын С. Ароңұлы бұл өлең арқылы қазақ халқының қайсарлық пен қақармалық бейнесін, өткен тарихтағы елдік пен ерлікті, сайын далаларға асқақ еркіндікті асқан шеберлікпен сомдап көрсеткен. Арғы-бергі қазақ тарихнамасында өзінің жанды жадыратар киелі күмбірі секілді. XIX ғасырдағы айтыс өнерінің жарық жұлдызы, даңқты, рухты ақын С. Ароңұлы бұл өлең арқылы қазақ халқының қайсарлық пен қақармалық бейнесін, өткен тарихтағы елдік пен ерлікті, сайын далаларға асқақ еркіндікті асқан шеберлікпен сомдап көрсеткен. Арғы-бергі қазақ тарихнамасында өзінің жанды жадыратар киелі күмбірі секілді. XIX ғасырдағы айтыс өнерінің жарық жұлдызы, даңқты, рухты ақын С. Ароңұлы бұл өлең арқылы қазақ халқының қайсарлық пен қақармалық бейнесін, өткен тарихтағы елдік пен ерлікті, сайын далаларға асқақ еркіндікті асқан шеберлікпен сомдап көрсеткен.

Қорыға айтқанда, құдіретті Көкбөрі (Ашина) бабамыз басын құраған, бір ту астына жиып, бір ұранға бас идірген киелі түркі жұртының тікелей ұрпағының бірі, біздер – қазақтармыз! Ғасырдан-ғасырға жалғасқан замана шеруінде Түркі – Қыпшақ – Алаш – Қазақ мемлекеті аталып, XIX ғасырдың 20-30 жылдары хандықтан, елдіктен айырылған зар заманға тап болдық. Одан Ресей империясының, кейін КСРО-ның бодандығын басынан өткізіп, XX ғасыр аяғында жүздеген жылдар бойы Атамекен жерінің бостандығы үшін жанын қиып, қанын төккен ерлеріміздің, бағырларымыздың, қыршын кеткен боздақтарымыздың тоқтаусыз жүргізген азаттық күрестерінің нәтижесінде аңсаған бабалар мұраты орындалып тәуелсіз, азат Ел болдық. XXI ғасырда әлем жұртшылығы мойындаған, өзіндік ішкі-сыртқы саясаты дербес, қуатты экономикасы бар, дамушы, іргелі – қазақ елі, Мәңгілік Ел атандық. Біздер енді мұхым түркі тарихының алтын өзегі болған ата-баба дәстүрін кастерлеп, ұлықтап, жас ұрпақ санасына ұялатып еркек мақтан тұтуымыз қажет-ақ! Себебі, осыдан тұп-тура он бес ғасыр бұрын біздің арғы аталарымыздың ой-санасында көкті тілген жасындай «Жарк!» етіп пайда болған «...Көк Тәңірдің құдіреті мен Бөрі аныңан адам баласын бауырына басып өсіруі, қамқор болуы, содан ұлан-байтақ дарқан даланың иесі, рухы мықты, «...Бастымыз идірген, тізеліні бүктірген» ержүрек, сайыпқыран түркілер деген елдің таралғаны жайлы» осы бір тамаша аңыз-шежіре өзінің асқақ рухы, өшпес, өлмес өміршөндігімен көзі қаракты жандардың баршысын таңдандырып, Міне, жер-шарының әр текті нәсілдерінің тарихи сыйды, көлемі мен тарулық жағынан Еуразия құрлығының үлкен аумағын иеленген, шырқан төгі мен тілі бір, күллі түркінің киесі болған – әртүрлі көзқар, қасиетті Көкбөрі шежіресі өзге осылай тамамдалады...

Қали ИБРАЙМЖАНОВ,
тарихшы
Жаркент қаласы